

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында ауылдық округтері әкімдеріне кандидаттардың таңдаушыларымен кездесулерін өткізу үшін үй-жайды ұсыну және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 9 шілдедегі N 182 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 шілдеде N 2855 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 182

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 19.07.2021 № 182 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 4, 6-тармақтарына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 15.02.2018 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жамбыл аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында ауылдық округ әкімдеріне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға орындар 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында ауылдық округ әкімдеріне барлық кандидаттар сайлаушылармен кездесуін өткізу үшін үй-жайлар шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппарат басшысы Е.М. Пестоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 16 шілдедегі пайда болған қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
Жамбыл аудандық сайлау*

И. Турков

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл
ауданы әкімдігінің 2014 жылдың 9
шілдедегі № 182 қаулысына 1-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында ауылдық округ
әкімдерінің барлық кандидаттарына үгіттік баспа материалдарын орналастыруға
арналған орындар**

Р/с №	Ауылдық округтердің атауы	Үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыруға арналған құрылыстардың орындары және мекенжайлары
1	Преснов	Ақпараттық тақта, Пресновка селосы, Е. Шайкин көшесі, Орталық алаң

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл
ауданы әкімдігінің 2014 жылдың 9
шілдесіндегі № 182 қаулысына 2-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында ауылдық округтердің
әкімдеріне кандидаттардың таңдаушылармен кездесулерін өткізу үшін шарт негізінде
ұсынылған үй-жайлардың тізімі**

р/с №	Ауылдық округтердің атауы	Таңдаушылармен кездесулерді өткізу үшін үй-жайлардың мекен-жайы
1	Преснов	Пресновка селосы, Орталық кітапхана, Потанин көшесі, 26